


Бекітемін
№29 «Ай- Керім» бөбекжай
бақшасының меңгерушісі:
 Ж.К. Сейдалиева

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі
«Ойнайық та ойлайық»

 DATA LIFE ENGINE
“Ойнайық та, ойлайық”



«Айкөйлек» м а д тобы

Тәрбиеші: Абжанова.Р

2022-2023ж

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы
Білім беру саласы: «Таным» «Шығармашылық» «Қатынас»

Оқу іс-әрекеті: Қоршаған ортамен танысу.

Сабақтың түрі: Дәстүрлі емес, ойын сабақ

Тақырыбы: Ойнайық та ойлайық

Мақсаты: «Ғажайып алаң» атты ойын сабақ арқылы балалардың әр білім саласы бойынша алған білімдерін жаңа технологияны қолдана отырып тиянақтау, сұраққа толық жауап беруге, ойын шартын түсініп ойнауға үйрету. Сөздік қорларын, шеберліктерін дамыту. Өздерін дұрыс ұстауға, ұстамдылыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелесу, ойын

Көрнекіліктер: Барабан, суреттер, слайд

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Мотивациялық кезең	Сәлеметсіңдер ме! Балалар? -Бүгін біз сендермен ойын алаңына жиналдық. Қараңдаршы қаншама көрермендер сендердің ойындарыңды көруге жиналған. -Қане бірінші көрермендермен амандасып алайық. Үлкенге де сіз, кішіге де сіз Баршаңызды құрметтеп Сәлем береміз біз -Балалар бүгін біз сендермен «Ғажайып алаң» деген ойын ойнаймыз. -Бұл ойында ойнау үшін біз сендермен білімді, ақылды, тапқыр болуымыз керек. Ол үшін сендерге мына бас киім көмектеседі. (балалар бастарына бас киімді киеді) -Міне біз дайынбыз.	Үлкенге де сіз, кішіге де сіз Баршаңызды құрметтеп Сәлем береміз біз Балалар бас киімді киіп алады.
Ұйымдастырушылық кезең	-Балалар мына барабанды көріп тұрсыңдар ма? Бұл ғажайып алаң барабаны, осы барабанды айландыру арқылы біз әр түрлі тапсырмаларды орындаймыз. -Барабанда сандар мен әріптер бар. Егер стрелке сандарға кеп тоқтаса біз тапсырамалар орындаймыз, ал егер стрелке «Б» деген әріпке кеп тоқтаса онда біздің ойынымыз тоқтап қалады. Егер ойынды жалғастырамыз десендер, онда сендер жасырын қонақтың жұмбағына жауап берулерің керек. Ал егер стрелке «О» деген әріпке кеп тоқтаса сендер суреттен ұлттық ойындарды атап, өздерің ақылдасып бір ойынды көрсетесіңдер. Стрелка айналған сайын сендердің ұпайларың өсіп отырады, Егер сендердің ұпайларыңды санап соңында сендерге мадақтама беремін. Жарай ма балалар? Онда ойынымызды бастаймыз. Барабанды айналдырамын, неше деген санға көліп түсті? Сұрақ: Экранға назар аударайық. Суреттен не көріп тұрсыңдар? -Табиғат деген не? -Табиғат нешеге бөлінеді? Қандай? -Табиғатты қалай қорғаймыз?	Балалар тірбиешіні мұқият тыңдайды. Аққу, ағаш, су. Табиғат. -Табиғат – адам өмір сүретін тіршілік етер ортасы. Табиғатсыз өмір сүре алмайды. -Табиғат 2 ге бөлінеді. - қоқыс тастамаймыз, ағаш сындырмаймыз, от жақпаймыз. -Жөндіктерді бір жаққа, құстарды бір жаққа ажыратып қояды. - Ту, өлтаңба - Рәміздер. -Аспанымыз ашық болсын деп. -Жыл мезгілдері. - Қыс, көктем, жаз, күз

Д/О «Жәндіктермен құстарды ажырат?» (балалар жәндіктермен құстарды ажыратады.) Сұрақ: Балалар экраннан не көріп тұрсыңдар? -Осылардың бәрін бір сөзбен қалай айтамыз? -Туымыздың түсі неге көк? Сұрақ: Мына ағаш нені еске түсіреді? -Жыл мезгілдерін атап шығайықшы? - Қар еріп, су көбеіп, Сай салаға ағады, Құстар әнін салады, Гүл бәйшешек ашады Айтыңдаршы балалар бұл қай кезде болады? -Көктем айларын атап көрейікші? -Балалар енді осы көктем айын бір сөзбен суреттеп айтайықшы? -Енді жаз, күз, қыс айларын суреттейік? Сергіту сәті: Дүйсенбіде гүлдер ектім, Сейсенбіде алма тердім, Сәрсенбіде су акелдім. Бейсенбіде бақша баптап, Жұма күні тақпақ жаттап, Сенбіде мен саған бардым, Жексенбіде бір демалдым. Сұрақ: Балалар экраннан не көріп тұрсыңдар? -Дұрыс геометриялық фигуралар. Қандай? -Енді осы геометриялық фигуралардан бір дала жануарымен , үй жануарын жасай аламыз ба? -Қандай үй жануарын жасай аламыз? -Қандай дала жануарын жасай аламыз? Өте жақсы балалар. Сұрақ: Балалар қараңдаршы мына қоянның қолында неше гүл бар санап көрейікші? -Ал аюда ше? Осы қоянмен аюдың гүлін теңестіру үшін не істейміз? -Неше гүл жасаймыз? -Біз нешеуіміз? Аюдың гүлі 9 болу үшін әр қайсымыз неше гүлден жасаймыз? -Өте жақсы балалар. Сұрақ: Балалар мын суреттер бар. Қане айтайықшы? Дыбыстық жаттығу: Ойын: «Қыз қуу», «Ақ серек, көк серек», «Арқан тарту. Қай сан көп 5 немесе 7? / 7/ Бүтін көп пе бөлік көп пе? /бүтін/ 2+6 қосындысы? /8/ Дөңгелек бұрыштарымен болады ма? /жоқ/ 7-1 айырмасы? /6/	-Көктем. -Наурыз, сәуір, мамыр. -Шуақты көктем, нұрлы көктем, жасыл көктем, жылы көктем. -жайдарлы жаз, әдемі жаз, гүлді жаз. -сары күз, жемісті күз. -ызғарлы қыс, суық қыс. Дүйсенбіде гүлдер ектім, Сейсенбіде алма тердім, Сәрсенбіде су акелдім. Бейсенбіде бақша баптап, Жұма күні тақпақ жаттап, Сенбіде мен саған бардым, Жексенбіде бір демалдым. -Гометриялық фигуралар. -сопақша, домалақ, төртбұрыш Ұшбұрыш. -Иә жасай аламыз. -мысық, қоян. 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, гүл бар. Аюда 1 ғана. Аюға гүл жасаймыз. 8 гүл жасаймыз. Біз 8 баламыз. 1ден гүл жасаймыз. Балалар өрмексизден раушанг. лін жасайды. -Ашты-төтті, көрі-жас, Күн-түн, қыс-жаз. Балалар өздеріне ұнаған бір ойын ккрсетеді.
---	--

	Қоршаған дүниемен таныстыру. Қыста қай аңдар ұйықтайды? / қоңыр аю, кірпі/ Ақтау қаласы қай теңіздің жағасында орналасқан? /Каспий/ Байланыс құралдарын ата? /телефон, компьютер, факс, хат, құттықтау хаттары/ Бейбітшілік құсын ата? /ақкөгершін/ 12 ай нені құрайды? / жыл /. Сауат ашу. Дыбыс дегеніміз не? /Дыбысты естиміз, айтамыз/ Сөйлемдердің соңында қандай белгі тұрады? / нүкте/ Әріп дегеніміз не? /дыбысты таңбалайтын таңба/ Сөз ойла. /дыбыстық талдауға сөз ойла - таға, бақа/ Бейне таспадағы сөзді буынға бөліп оқып бер. /Достар/ 3-ші бөлім. Тапқырлар сайысы. Үстел үстінде 2 алма, 2 алмұрт жатыр, үстел үстіндегі көкөністердің санын айт? /жок/ Кесе, қазан, сандық, қасық, тәрелке, құман –аталған заттардың қайсысы ыдысқа жатпайды? /сандық/ Өкеннің әкесі кім? /Ата/ Қадай жыртқыш аң құлпынаймен қоректенеді? /аю/ Үстел үстінде 3 кесе қант тұр, соның 2-ін төгіп алды. Үстел үстінде неше кесе қалды? / 3 кесе/ Адам не жетіспегенде өмір сүре алмайды? /ауа/ Әжейдің немересі Айгүл, күшігі Ақтөс,мысығы бар.Әжейдің неше немересі бар? /бір немересі/ Ертегідегі бауырсақтың шашының түсі қандай? /жок/ Бос ыдыстың ішінде неше жаңғақ бар? / Жок/ Тасбақа барлығынан озып шығады дейді. Осы рас па?/жок/	Балалар шапшаң тез жауап береді
Рефлексия	-Балалар сендерге ойын ұнады ма? -Ұнаса осы көңіл –күйлеріңді суретке салып көрсетіндер? -Ал мен сендердің жинаға ұпайларыңды есептеп көрейін.	Балалар өз көңіл күйлерін суретке салып көрсетеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Жыл бойына алған білімдерін көрсете біледі.

Игереді: Ойын арқылы тапсырамаларды орындауды меңгереді.

Меңгереді: ойын ойнау техникасын меңгереді.